

«El umiti Premiasy» өзін-өзі жетілдіру жобасының қорытынды кезеңіне ұсынылатын қысқаметражды фильмнің сценарийі

Фильмнің атауы: Цифрлық әлемдегі технологиялар және мен.
Әлеуметтік желілерге тәуелділік *(оқуға құштар ұлт бағыты бойынша)*.

Адамзат қазір технократия заманында өмір сүріп жатыр. Гаджеттер – біздің он үшінші мүшемізге айналғалы қашан. Әрине, заман көшінен қалмай, озық технологияны қажетімізге жаратып жатсақ, ол айып емес. Смартфондағы пайдалы функцияларды қолданып, тіл үйреніп, түрлі курстарға қатысып, онлайн жұмыстарын бітіріп, табыс тауып жатқандар аз емес. Өкінішке орай цифрлық әлем дәл қазір жас талғамай барлығының уақытын ұрлап жатыр. Жас та, жасамыс та смартфондағы түрлі әлеуметтік желінің тұрақты тұтынушысына айналған. Бір отбасының мүшелері бір-бірімен тілдесуден қалды. Бірге уақыт өткізу, жұмыла бір жұмысты атқару да қазір ең қат дүниеге айналды. Өйткені бос уақыт болса телефонға шұқшияды. Телефонға тәуелділер тикток, инстаграм, ютуб сияқы желілерден қысқа әрі мағынасыз роликтерді көреді. Дәрігерлер мұндай видеолар жас балалардың дамуын тежеп жатыр деп дабыл қағуда. Цифрлық тәуелділіктен арылмай, біз сапалы ұлт болып қалыптаса алмаймыз. Сол себепті цифрлық әлемдегі технологияларды дұрыс пайдаланып, әлеуметтік желілерге тәуелді болмай, өз пайдамызға жаратуды жастар арасынан трендке айналдыру керек. Мен өз фильмімде осы тәуелділіктен құтқару жолын қарастырып, тәуелділіктен бірге шығар жолды іздеуге тырыстым.

Сценарий: Үй іші. Үйдегі балалар бөлменің әр бұрышында телефон қарап отыр. Ас үйде анасы шайға шақырып еді, ешкім елеп-ескерген жоқ. Анасы даусын көтеріп, балаларды шайға шақыруға тура келеді. Балаларының шай ішуге де құлқы болмай телефонға телміріп, баса ала алмай отырғанын көрген анасы дастархан басында телефонды тастаңдар деп ұрсады. Бірақ оны елеген ешкім болмайды. Үйдің кішісі телефоннан әрнені көріп, үлкені әлдекіммен хабарлама жазысып, бей-берекет тамақтарын ішіп отырады. Балаларының шамадан тыс телефонға тәуелділігіне алаңдаулы анасы балаларының ұстаздары хабарласып, олардың сабаққа деген ынталарының төмендеп кеткенін айтып ескерткенін айтады. Телефон түптеріңе жететін болды ғой деп ашуланады. Оған балалары біз ғана емес айналамыздың барлығы сабақ оқымайды, оқудың не қажеті бар? Оқусыз да өмір сүруге болады ғой деп қарсылық білдіреді. Анасы балаларының сөзіне күйініп:

«Кімге керегі нес? Білім алмасаңдар, сабақ оқымасаңдар қайтіп адам болмақсыңдар сендер?! Не мақсат, не мұрат жоқ жоқ, кешке дейін телміріп телефонның басында отырасыңдар. Алдыларыңа мақсат қойып, сол мақсатқа ұмтылып әрекет етпесеңдер, ғұмырларыңның соңына дейін ешбір нәтижеге қол жеткізе алмай айдалада адасып қаласыңдар. Әлеуметтік желіге басымен байланып қалған, бар уақытын арзан қалжың мен қысыр әңгімені тамашалауға жұмсаған адам келешегі тұман, кері кеткен кембағал, қуыскеудеге айналады – деп айғайлайды. Балалары аналарының ақылын тыңдағысы келмей, сөзін көтере алмай, қарсылық білдіріп шайларын ішпестен үйден кетіп қалады.

Бір топ жасөспірім балалар Есілдің жағасында серуендеп жүреді. Барлығының қолында смартфон. Жағалай қойылған орындықтарда да балалар бір-бір телефонға телміріп, әлдене қарап отырады. Біздің кейіпкерлер инстаграм, тиктокқа трендтер түсіріп ұзақ жүреді. Бір-біріне телефондарының қуаты таусылғанын айтады. Телефонларының қуаты азайып, өздері шаршап келе жатқанда, кенет Әуезов көшесіндегі «Кофе» деп жазылған есік көздеріне түседі. Кофе ішіп, телефондарын қуаттап алу үшін кофеханаға кіргендері сол еді, олар күтпеген жерден басқа кеңістікке тап болады. Бұл жай ғана кофехана емес, кітап пен ой әлемі. Атмосферасы ерекше бұл кеңістік – «Ой-Орда» деп аталады. Мұндағы кітап пен иісі бұрқыраған кофе балаларлы елітіп әкетеді. Кофе дайын болғанша жастар кітапты парақтай бастайды. Бариста бұл жердің басты мақсатын бір ауыз сөзбен ұғындырады: мұнда кітап тек оқылмайды – ой талқыға түседі. Апта сайын кітап талқылайтын ашық клубтар өтетіні де белгілі болады. Осы жерде олар аналарының күнде құлағына құйып отыратын сөздерін еске салатын ҚУЫСКЕУДЕ деген кітапқа көзі түседі. Кітап сыртқы мұқабасының өзінен-ақ бұларға ой салып, мазмұнымен, құндылығымен өзіне баурап алады. Жасөспірімдер қызығушылықпен ұсынылған шығарманы сатып алып, талқылау күнін асыға күтеді.

Осы сәттен бастап кітап оқу – олар үшін сәнге айналады. Телефондары қолдарына түспейтін балалар бір сәтте кітапқа бас қояды. Уақыт өте келе олар өздерін оқырман ғана емес, ойлы тұлғаға айналғанын сезінеді.

Фильм балалардың кітаптың арқасында кемел тұлғаға айналып, жақсы орта тауып, аналарының балаларының бойындағы өзгерістерге риза болуымен аяқталады.